



**БҰЙРЫҚ**

20.03.2024.

Қостанай қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 95

город Костанай

**Базалық медициналық ұйымдардың  
тізімін бекіту туралы**

2024 жылғы 15.03-нан Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының (әрі қарай - ҚОӘДСБ) «Қостанай жоғары медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (КМК) № 01-12-0451 хатының негізінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 220 мақаласының 4 бабына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40 мақаласы 5 бабына, «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығына және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына сәйкес, колледж студенттерін дайындау және қосымша білім беру тындаушыларының біліктіліктерін арттыру мақсатында.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіптік практикадан өту (өндірістік, диплом алдындағы практика) және қосымша білім беру тындаушыларының біліктіліктерін арттыру үшін, ҚОӘДСБ «Қостанай жоғары медициналық колледжі» КМК-ның практика базалары болып табылатын медициналық ұйымдардың тізімі бекітілсін:

- 1) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық ауруханасы» КМК
- 2) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық балалар ауруханасы» КМК
- 3) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық фтизиопульмонология орталығы» КМК
- 4) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК
- 5) ҚОӘДСБ «Облыстық қан орталығы» КМК

- 6) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық балалар стоматологиялық емханасы» КМК
- 7) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК
- 8) ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық патологиялық анатомиялық бюросы» КМК
- 9) ҚОӘДСБ «Қостанай қалалық ауруханасы» КМК
- 10) ҚОӘДСБ «Қостанай қалалық онкологиялық көпбейінді ауруханасы» КМК
- 11) ҚОӘДСБ «Қостанай қалалық офтальмологиялық көпбейінді ауруханасы» КМК
- 12) ҚОӘДСБ «Қостанай қ. №1 емханасы» КМК
- 13) ҚОӘДСБ «Қостанай қ. №2 емханасы» КМК
- 14) ҚОӘДСБ «Қостанай қ. №3 емханасы» КМК
- 15) ҚОӘДСБ «Қостанай қ. №4 емханасы» КМК
- 16) ҚОӘДСБ «Дельфин» Қостанай сәбилер үйі» КММ
- 17) ҚОӘДСБ «Рудный қалалық көпбейінді аурухана» КМК
- 18) ҚОӘДСБ «Рудный қалалық емханасы» КМК
- 19) ҚОӘДСБ «Қачар қалалық ауруханасы» КМК
- 20) ҚОӘДСБ «Арқалық өңірлік ауруханасы» КМК
- 21) ҚОӘДСБ «Арқалық өңірлік емханасы» КМК
- 22) ҚОӘДСБ «Лисаков қалалық ауруханасы» КМК
- 23) ҚОӘДСБ «Алтынсарин АА» КМК
- 24) ҚОӘДСБ «Амангелді АА» КМК
- 25) ҚОӘДСБ «Әулікөл АА» КМК
- 26) ҚОӘДСБ «Күшмұрын ауылдық ауруханасы» КМК
- 27) ҚОӘДСБ «Денисов АА» КМК
- 28) ҚОӘДСБ «Жангелді АА» КМК
- 29) ҚОӘДСБ «Жітіқара АА» КМК
- 30) ҚОӘДСБ «Қамысты АА» КМК
- 31) ҚОӘДСБ «Қарабалық АА» КМК
- 32) ҚОӘДСБ «Қарасу АА» КМК
- 33) ҚОӘДСБ «Октябрьск ауылдық ауруханасы» КМК
- 34) ҚОӘДСБ «Қостанай АА» КМК
- 35) ҚОӘДСБ «Меңдіқара АА» КМК
- 36) ҚОӘДСБ «Наурызым АА» КМК
- 37) ҚОӘДСБ «Сарыкөл АА» КМК
- 38) ҚОӘДСБ «Беимбет Майлин ауданының аудандық ауруханасы» КМК
- 39) ҚОӘДСБ «Ұзынкөл АА» КМК
- 40) ҚОӘДСБ «Федоров АА» КМК
- 41) ҚОӘДСБ «Қарабаев атындағы Қостанай облыстық оңалту орталығы» КМК

2. Медициналық ұйымдардың басшылары:

— біліктілікті арттыру бөлімінің тыңдаушылары мен студенттер практикадан табысты өтуі үшін қажетті жағдайлар жасау, оларға практика бағдарламасының мазмұнына жауап беретін жұмыс орындарын ұсыну;

— медицина колледжімен бірлесіп практиканың жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

— студенттерді клиникалық даярлау процесінде ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау;

— колледждің студенттеріне оқу бөлмелерін және қосымша (гардероб) бөлме ұсыну;

— практиканы өткізу, оқу сағаттарын толық пысықтау және студенттерді аттестаттауды уақытында өткізу үшін жалпы және тікелей жетекшілердің (тәлімгерлердің) жауапкершілігін арттыру.

3. 2019 жылғы 15 сәуіріндегі «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Базалық медициналық ұйымдардың тізімін бекіту туралы» №136 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қостанай облысы әкімдігінің  
денсаулық сақтау басқармасының  
басшысы



Д. Жандасев